



**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын»  
іске асыру бойынша  
«№19 орта мектеп» КММ  
2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген  
жұмыстарға талдау**



Нравится: 37  
19school.aktobe Біртұтас тәрбие бағдарламасының "Еңбегі адал жас өрен" жобасы негізінде "Гаджетсіз демалыс" тақырыбында 6 "А" сынып оқушылары мен сынып жетекшісі Альжанова Жансауле Серикбаевна кинопаркке барып, күндерін қызықты өткізді.  
#гаджетсізуақыт





### «Еңбегі адал жас өрен» жобасы

ҚР Су ресурстары және ирригация Министрлігі ұйымдастырған су үнемдеу тақырыбындағы республикалық сурет байқауына Ақтөбе қаласы №19 орта мектебінің 4 сынып оқушысы Шыныбай Айзеренің жұмысы ұсынылып, 1000-нан астам жұмыс ішінен таңдалып “Үздік сурет” номинациясы жеңімпазы атанды. 2023 жылдың 28 желтоқсанында Астана қаласында Су ресурстары және ирригация министрі Нұржан Нұржігітовтың қолынан жетекшісі Жармағамбетова Айнаш алғыс хат пен Шыныбай Айзере грамота және бағалы сыйлықпен марапатталды.

**«Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша  
«№19 орта мектеп» КММ 2023-2024 оқу жылындағы жүргізілген жұмыстарға талдау**

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ҚЫРКҮЙЕК АЙЫНЫҢ 1-НЕН БАСТАП, БАРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНДЕ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРҒА НЕГІЗДЕЛГЕН **"БІРТҰТАС ТӘРБИЕ БАҒДАРЛАМАСЫ"** ЕНГІЗІЛДІ.

**Мақсаты:** жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген ұрпақ тәрбиелеу.

“Біртұтас тәрбие бағдарламасын” енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2023 жылғы 19 қыркүйектегі №294 бұйрығы, Ақтөбе облысы білім басқармасының 2023 жылғы 20 қыркүйектегі №398 бұйрығы, Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2023 жылғы 21 қыркүйектегі №303 бұйрығы негізінде Ақтөбе қаласы №19 орта мектебінің 2023 жылдың 27 қыркүйектегі №83 бұйрық шығарылып, тәрбие жоспары, сынып жетекшілер жоспары құрылды.

Біртұтас Ұлттық құндылықтарға негізделген тәрбие беру бағдарламасы кісілік келбетті айқындайтын ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, ТАЛАП, АР-ҰЯТ құндылықтары арқылы білім алушылардың тәрбиесін ізгілендіруді мақсат етеді.

Тәрбие жұмысын ұйымдастыру кезіндегі басым бағыт – балаға қамқорлық пен құрмет көрсету, сенім арту, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету, оларды кемсітуге жол бермеу болып табылады.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

**Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын облыс бойынша 10 жоба алынды:**

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

**«Оқуға құштар мектеп»** жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

12.09.2023 ж. мектебіміздің кітапханашысы Жұванышева Н., қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдері Жармаганбетова А.Б., Әбдіжәлел Ғ.Қ 8 "Ә", 9 "В", 9 "Г" класының оқушыларын М.Горький атындағы қалалық кітапханаға саяхатқа апарды. Оқушылар кітапхана қорымен, қоймасымен және де тематикалық көрмелермен танысты. Кітапхана қызметшілеріне оқушылар сұрақтар қойып, қызығушылық танытып жүрген оқулықтары туралы сұрап, мәліметтер алды. Саяхат қызықты әрі мағыналы, танымды болды.

<https://www.instagram.com/p/CxFlXAYMLMu/?igsh=dWJsYtI4ZmoyaHgw>

Күзгі демалыс кезінде "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асыру мақсатындағы "Күзде біз жалықпаймыз, кітап оқимыз" атты ұйымдастырылған шараға оқушыларымыз белсенділік танытты.. 1 "Б" сынып оқушыларына сынып жетекшісі Аида Маратовна  Мектеп кітапханасына экскурсия ұйымдастырып, мектеп кітапханашылары кітапханамен таныстыра отырып, бастауыш сыныпқа арналған жаңа оқулықтармен таныстырды.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында “Ақын - демократ Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына 130 жыл” толуына орай мектеп кітапханасында "Ақындардың сұлтаны" атты әдеби кеш ұйымдастырылды.

7а сынып оқушылары ақын өлеңдерінен үзінді оқып, шығармаларымен танысты. Мақсаты: Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірі, шығармалары туралы түсінік беру. Өлең арқылы ізгілікке, мейірімділікке тәрбиелеу. Оқушы шығармашылығын, ізденімпаздығын дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/CyuwSKdMNCH/?igsh=NGw5ZTg0dHkzN203>

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік күніне орай, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің "Біртұтас тәрбие" және "Оқуға құштар мектеп" бағдарламасын іске асыру мақсатында "Тәуелсіздік мен үшін" атты патриоттық өлеңдерді мәнерлеп оқу челленджіне оқушыларымыз белсене ат салысты.

<https://www.instagram.com/reel/C0yXx8fsVK8/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында Көкшетау облысынан қабылданған республикалық ЧЕЛЛЕНДЖЕ №19 ОМ КММ оқушылары белсене қатысты.

<https://www.instagram.com/reel/C5DXqs5sUiN/?igsh=eDAyNDJ3YXA0MDIy>

«Балалар және театр» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

**2023 жылдың 14 қараша** күні жылы Ақтөбе қаласы әкімдігінің қолдауымен және "Ақтөбе қалалық білім бөлімінің" ММ-нің ұйымдастыруымен №19 орта мектебінің оқушылары "Бүркіт" патриоттық фильмін тамашалады. Бұл фильмді көрсетудегі басты мақсат - жасөспірімдердің бойына патриоттық сезім ұялату және рухты күш жігер дарыту. Оқушылар фильмнен жақсы әсер алып, пікірлерімен бөлісті. <https://www.instagram.com/p/Czn8koKMHs9/?igsh=bXpvZnhycDdqZ2k5>

«Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс) жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

2023 жылдың 28 қыркүйек күні 19 орта мектебінің ұстаздары, еріктілер клубының мүшелері, өнерпаз оқушыларымыз 1 әлеуметтік қызмет көрсету орталығында "Қарттарым- асыл қазынам" атты мерекелік шара өткізді. Риза болған ата - әжелеріміз өнерпаздарға ризашылықтарын білдіріп, ақ тілектерін жаудырды. <https://www.instagram.com/reel/CxvVot1sspd/?igsh=MTFzd3YzMnhic2VvMQ==>

2024 жылдың 17 қаңтары мен 17 ақпаны аралығында "ДОСБОЛІКЕ:ДОСТЫҚ ҚОЛЫН ҰСЫН" акция айлығы бастау алды. Акцияның мақсаты: мектеп ортасында жасампаз ұжымдық, шығармашылық, негізінде позитивті қатынастарды қалыптастыру үшін жағдай жасау. «Мектеп парламентімен» бірлескен «ДосболІКЕ: достық қолын ұсын» акциясы.

<https://www.instagram.com/reel/C2zcF92M4Zp/?igsh=MThobDU3a3E3bzViNQ==>

2023 жылдың 26-28 желтоқсан аралығында Жаңа жыл шарасына мектеп еріктілері белсене қатысты.

15 наурыз 2024 жылы "Жақсылық істеп жарысайық!" игі істер марафоны аясында "Жақсылық жасауға асығайық" қайырымдылық акциясы ұйымдастырылып, педагогикалық ұжымнан жиналған жарамды киім-кешектер "Әлеуметтік дүкенге" тапсырылды.

<https://www.instagram.com/p/C4iPM4KMv4p/?igsh=NHZnbDVycTB5M2p3>

«Ұшқыр-ой алаңы» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

8 «А» және 8 «Ә» сыныптары арасында «Үштілді саясаттың дұрыс немесе бұрыс тұстары» тақырыбында пікірталас өткізілді.

«Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

**2023 жылдың 15 қыркүйек** күні жылы Ақтөбе қаласының №19 орта мектебінде елімізде болып жатқан жасөспірімдер арасындағы оқиғаларға байланысты 8 класс оқушылары арасында Мектеп инспекторы Амангелдиева Айдана Галимовна қазіргі таңда жасөспірімдер арасындағы өршіп тұрған қылмыс түрлеріне тоқталып, оқушыларға құқықбұзушылықтардан сақ болуды ескертті. Сонымен қатар директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары С.М.Аяпбергенова жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтар: ұрлық, кешкі мезгілде заңды өкілсіз ойын-сауық орталықтарында сағат 22:00 - ден кейін, көшеде сағат 23:00- ден кейін жүруге тыйым салынатыны, ұсақ бұзақылықтар, жасөспірімдер арасында жәбірлеу топтық төбелес жағдайларында қолданылатын жаза түрлері бойынша түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

<https://www.instagram.com/p/CxNCgGMSZpV/?igsh=MWFrcTFsYjRyNml2cg==>

"Адалдық сағаты" тақырыбында бірыңғай сынып сағаттары өткізілді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру және салықтар саласындағы мәселелерді білу мақсатында "Біз жемқорлыққа қарсымыз" тақырыбында сурет байқауы өткізілді. Байқаудың мақсаты: оқушыларға сыбайлас жемқорлық туралы түсінік қалыптастырып, адал еңбек ету құндылықтарын дәріптеу.

**21.09.2023 жылы** №19 орта мектебінің 1-4 класс оқушыларына жолда жүру ережесін сақтау мақсатында Патрульдік полиция батальоны қызметкерлері Айтмағанбетов А.Д., Улмесеқұлы Н."Абайлайық, балақай!" тақырыбында Жолда жүру ережелерін, жол белгілерін түсіндіріп, жолдан өту қауіпсіздігін сақтауға шақырды.

**22.09.2023 ж.** Мектебімізде рухани-адамгершілік және азаматтық-патриоттық тәрбиелеуде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған "Адал ұрпақ" ерікті мектеп клубының мектепшілік слеті өткізілді. Адал ұрпақ тәрбиелеу – қай уақытта болса да өз маңыздылығын жоғалтпаған мәселе. Халқының мүддесін өз мүддесінен артық қоятын, адалдық, бауырмалдық, адамгершілік сынды асыл қасиеттерді бойына жинай білген тәрбиелі ұрпақ тәрбиелеу - барлығымыздың борышымыз. Өз заңын құрметтеп-қастерлейтін, еліне шын берілген адал ұрпақ-Мәңгілік Елдің кепілі.

<https://www.instagram.com/p/Cxfgq6ysWnV/?igsh=MWlqdWQxdTg0MG82Mg==>

**27.11.2023 ж.** 8 сынып оқушыларына Ақтөбе қаласы ПБ Астана ауданының № 1 жедел уәкілі полиция аға лейтенанты Қалжанов Айдос Жомартұлы мен учаскелік инспектор Амангелдиева Айдана Галимовна "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын-алу" тақырыбында түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Тақырыпқа байланысты видео роликтер көрсетіліп, оқушылардың сұрақтарына жауап берілді.

Бүгінгі таңда қоғамның алдында тұрған басты міндеттердің бірі - балалар мен жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу, кәмелетке толмағандар арасындағы қылмыстың өсуіне жол бермеу

**22.11.2023 жылы** №19 орта мектебінде спортшы, Гір тасын көтеру спортынан 13 дүркін Әлем чемпионы Мектебіміздің түлегі Гончаров Евгений Владимировичпен кездесу өтті. Кездесу барысында спортшының жеңіске жеткен жарысынан, дайындық кезінен бейнероликтер көрсетілді. Кездесу барысында қонағымыз өмірбаянын баяндап, жеңіске жетудің нақты қадамдарымен бөлісті. Бос уақыттарын тиімді өткізуге, сабақтарын жақсы оқуға кеңес берді. Оқушыларымыз кездесуден керемет әсер алып, нағыз ер жігітке тән жігерлілік, төзімділік мінездің, спортқа жақын болу керек екенін түсінді. Кездесу соңында Евгений Владимировичке сабақ берген ұстаздары жылы лебіздерін білдіріп, болашақта оқушыларымыз осындай жоғары дәрежеге жетіп, әлемге танылған спортшылармыздан үлгі алуға шақырды.

<https://www.instagram.com/reel/Cz8MzE7sTuK/?igsh=MXB1Y3o2NXRhNjBobw==>

<https://www.instagram.com/p/C4p10MJMtZO/?igsh=MWZuZDQ4ZGw0MmJ2>

«Ұлттық мектеп лигасы» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай Үстел теннисінен мектепшілік қыз балалар арасында турнир өткізілді. Жеңіске жеткен оқушылар марапатталды.

8 - 11 сынып оқушылары арасында Волейболдан жарыс өткізілді. Жарыстың мақсаты: салауатты өмір салтын насихаттау және ұздік шыққан команданы анықтау. Жеңіске жеткен команда мақтау қағазымен марапатталды.

**15.12.2023 ж.** №4 микротоп командалары арасында баскетболдан қалалық Лига жарысы өткізілді. Командалар арасынан суырылып №19 ОМ -ң оқушылары Финалға шықты.

<https://www.instagram.com/p/C1q3KMAcCbk/?igsh=bTkyeHl3eDM2dTYy>

Наурызнама: 20 наурыз – Ұлттық спорт күні  
Ұлттық спорт түрлері өмір сүру салты, адам өмірі, еңбегі, ұлттық негіздер, ар-намыс, батылдық, күш-қайрат, ептілік, төзімділік және жылдамдық сияқты қадір-қасиеттерді бейнелейді. Онда көшпелі тұрмыстың рухы бар, күш-қайрат, ептілік дамудың кілті саналатын.

<https://www.instagram.com/reel/C4uS4szocYe/?igsh=MTF4aXc2Z3J5MmlkaA==>

Ұлттық нақышта киініп жүру, оны заманауи сән үлгісіне айналдыру, ата - баба ғұрыпын дәріптеу өз қолымызда екенін ұмытпайық. "Ұлттық нақыш" челленджін қолдаймыз атты ЧЕЛЛЕНДЖІГЕ мектеп оқушылары мен мұғалімдері белсене қатысты.

<https://www.instagram.com/p/C4fRfkdMxe7/?igsh=cTVzdzcy2ZobHdy>

«Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

"Гаджетсіз демалыс" тақырыбында 8 "Ә" сынып білім алушылары мен сынып жетекшісі Гүлнұр Болатбекқызымен М.Дулатовтың "Оян, қазақ!" фильміне барды

«Төрт тоқсан-төрт өнер» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

Ұлттық мәдени ағартушылық жобасы аясында мектепшілік “Домбыра” үйірмесінің жетекшісі Ғ.Қ.Әбдіжәлел үйірмеге қатысатын оқушыларға “Айтыс” өнерінің тарихын түсіндіре отырып, айтыс өнері туралы мағлұматтар берді.

«9 ай- 9 іс-шара» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

**08.09.2023 ж.** мектеп оқушыларының дене белсенділігін арттыру мақсатында республикалық “Дене сергіту” челленджі өткізілді.

**23.10.2023 ж.** Мемлекеттік Гимн айту челленджіне мектеп ұстаздары, мектеп әкімшілігі, білім алушылары қатысты. <https://www.instagram.com/reel/Cyu51axs018/?igsh=YXBkbG9wYmwzc2pm>

**2023 жылдың 17 қараша күні** «АЛТЫН САҚА»

республикалық челленджі өткізіліп, оқушыларға "Бес табан", "Бес асық" ойындары ойнатылды.

✓ Челлендж мақсаты – білім алушылардың рухани-адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, төл ойындарды дәріптеу.

✓ Челлендж міндеті: ұлтымыздың ұлттық ойындарын жаңғырту, құндылықтарын қастерлеу, оқушыларды асық ойынына баулу <https://www.instagram.com/reel/CzvPY0qsMwY/?igsh=MW5wejN5bDk5ZnZ3OQ==>

«Ата-аналар мектебі» жобасы аясында мынадай шаралар жүргізілді:

**19 қазан 2023 жылы** мектебімізде "Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының" жетекшісі ДТЖО Жанар Асанқызының ұйымдастыруымен "Мәдениетті ана - мәдениетті ұлт" жобасы аясында аналар кездесуі өткізілді. Кездесуге "Мерейлі отбасы" Гран при, Қазақстан Республикасының Құрметті Азаматы, "Елеулі еңбек" медалінің, Жоғары соттың төс белгісінің иегері ӘБІЛДАЕВА БИБІГҮЛ ӘБДІШҮКІРҚЫЗЫ қатысып, ұлттық құндылықтарға негізделген отбасы тәрбиесінің маңызы туралы келелі ойлар қозғады. Бала мен ата - ана қарым - қатынасында көңіл бөлетін мәселелер туралы құнды пікірлер айтып, пікір алмасты. Кездесуге келген аналар Бибігүл апайдың ақ батасын алып, ризашылықтарын білдірді.

<https://www.instagram.com/p/CylXwiPMoal/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

**2023 жылдың 10 қарашасы күні** - 5 сынып оқушыларының орта буынға бейімделуі барысында ана - аналарды педагогикалық-психологиялық қолдау бойынша тренинг -сабақ өткізілді.

<https://www.instagram.com/p/CzoBhhqs2Cb/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

**2023 жылдың 28 қараша күні** жылы Даналық мектебінің жоспары аясында "Бабалар дәстүрі - ұрпаққа өсиет" тақырыбында 6 сынып оқушылары мен ата-аналары, әжелері мен аталарының қатысуымен сынып жетекшілердің Ж.Д.Дәулетова, Ж.С.Альжанова, А.С.Садированың ұйымдастыруымен салт-дәстүрге байланысты шара өткізілді.

Шара мақсаты: білім алушыларға ұлттық мүдде, ар -ұят, талап құндылығын дәріптеу. Шара барысында: салт -дәстүрлерден көріністер көрсетіліп, сұрақтар қойылып, ән-жырлар шырқалды. Шара соңында "Батаменен ел көгерер" дегендей атамыз ақ батасын берді.

<https://www.instagram.com/reel/C0MR7cIMk1c/?igshid=MTc4MmM1YmI2Ng==>

**2023 жылы 1 желтоқсан күні** "Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығы" кабинетінің салтанатты ашылуы өтті. Кабинеттің салтанатты ашылуына Ақтөбе қаласы білім бөлімінің "Әдістемелік кабинет" КММ - нң әдіскері А.С.Садықова, №4 ЖББОМ директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ф.О.Берғалиева, А.Байтұрсынұлы ЛГМ КММ-нң аға тәлімгері, мектептің ардагер ұстаздары, қамқоршылық кеңес мүшелері, ата - аналар, ұстаздар қатысты.

✓ Мақсаты: Ата - аналарды педагогикалық қолдау орталығының жұмысын жандандыру, тұлғаның үйлесімді дамуын қамтамасыз ету үшін мектеп, оқушы, ата-ана арасындағы тиімді өзара әрекеттестікті дамыту.

<https://www.instagram.com/reel/C0TpxySsQXq/?igsh=MXYYdjM3aThpOGRnbg==>

Наурыз мерекесінің жаңа тұжырымдамасы сәйкес Біртұтас тәрбие бағдарламасын жүзеге асыру аясында білім алушылардың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру мақсатында "Әз - Наурыз!" атты мерекелік шара ұйымдастырылды. "Даналық" мектебінің мүшелері әжелер мен аналар салт-дәстүрлерден көріністер қойып, ұлттық мұраларымызды дәріптеді.

<https://www.instagram.com/reel/C4u9X2NM7Gt/?igsh=ZjNkYnR0NHQ5dnUy>

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын - алу, мектеп және ата - ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту мақсатында ата – аналар кезекшілігі ұйымдастырылып, ата – аналар белсенділік танытуда. <https://www.instagram.com/p/C0CO9-qM3uL/?igsh=YzluNTJ6MmFtOWcx>

**Азаматтық – патриоттық тәрбие бойынша, яғни сабақтан тыс өткізілген іс – шараларда мектеп оқушылары төмендегі жетістіктер бар**

| № | Оқушының аты-жөні | Класс | Байқау түрі                                                                                                                              | Нәтижесі | Пән мұғалімі   |
|---|-------------------|-------|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|----------|----------------|
| 1 | Командалық        | 9-10  | «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн» атты облыстық әскери – патриоттық жарыстан «Биік кермеге тартылу» сайысынан | II орын  | Дүйсенбин А.Ж. |
| 2 | Командалық        | 9-10  | «Бауыржан жұлдызды болған күн – қазақтың жұлдызы жанған күн» атты облыстық әскери – патриоттық жарыс                                     | III орын | Дүйсенбин А.Ж. |

<https://www.instagram.com/p/CyStbVJs13y/?igsh=MXhudm9laDd2cnNidQ==>

2023 – 2024 оқу жылында «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын 1 – 4 сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырды және «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы 5 – 8 сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізілді, сынып журналының сынып сағаты бетінде сынып сағатының тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні кіріктіріліп жазылды.

| № | 1 «А» | 1 «Ә» | 1 «Б» | 1 «В» | 1 «Г» | 2 «А» | 2 «Ә» | 2 «Б» | 2 «В» | 2 «Г» | 2 «Д» |
|---|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 1 | 06.09 | 07.09 | 22.09 | 15.09 | 07.09 | 15.09 | 15.09 | 18.09 | 22.09 | 14.09 | 16.09 |
| 2 | 11.10 | 19.10 | 20.10 | 27.10 | 12.10 | 13.10 | 13.10 | 23.10 | 27.10 | 26.10 | 27.10 |
| 3 | 13.12 | 21.12 | 15.12 | 08.12 | 21.12 | 01.12 | 01.12 | 11.12 | 08.12 | 07.12 | 8.12  |
| 4 | 13.03 | 07.03 | 15.03 | 07.03 | 14.03 | 01.03 | 01.03 | 11.03 | 15.03 | 14.03 | 15.03 |
| 5 | 24.04 | 25.04 | 19.04 | 19.04 | 18.04 | 12.04 | 12.04 | 15.04 | 19.04 | 18.04 | 12.04 |
| 6 | 15.05 | 16.05 | 17.05 | 23.05 | 16.05 | 17.05 | 17.05 | 20.05 | 24.05 | 23.05 | 17.05 |

| № | 3 «А» | 3 «Ә» | 3 «Б» | 3 «В» | 3 «Г»  | 4 «А» | 4 «Ә» | 4 «Б» | 4 «В» | 4 «Г» |
|---|-------|-------|-------|-------|--------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 1 | 07.09 | 18.09 | 08.09 | 04.09 | 29.09. | 29.09 | 29.09 | 21.09 | 8.09  | 29.09 |
| 2 | 12.10 | 23.10 | 20.10 | 16.10 | 27.10. | 27.10 | 27.10 | 12.10 | 13.10 | 20.10 |
| 3 | 14.12 | 25.12 | 08.12 | 11.12 | 22.12  | 01.12 | 01.12 | 14.12 | 15.12 | 24.11 |
| 4 | 14.03 |       | 26.01 | 11.03 | 01.03  | 15.03 | 15.03 | 14.03 | 15.03 | 09.02 |
| 5 | 25.04 | 26.02 | 15.03 | 15.04 | 19.04  | 19.04 | 12.04 | 25.04 | 19.04 | 05.04 |
| 6 | 16.05 | 13.05 | 19.04 | 20.05 | 17.05  | 17.05 | 17.05 | 16.05 | 19.05 | 17.05 |

| №  | 5 «А» | 5 «Ә» | 5 «Б» | 5 «В» | 5 «Г» | 5 «Д» | 5 «Е» | 5 «Ж» |
|----|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 1  | 18.09 | 18.09 | 15.09 | 15.09 | 29.09 | 27.09 | 15.09 | 21.09 |
| 2  | 02.10 | 02.10 | 13.10 | 20.10 | 20.10 | 18.10 | 20.10 | 26.10 |
| 3  | 27.11 | 27.11 | 10.11 | 24.11 | 17.11 | 29.11 | 24.11 | 9.11  |
| 4  | 04.12 | 04.12 | 01.12 | 15.12 | 22.12 | 20.12 | 06.12 | 21.12 |
| 5  | 15.01 | 15.01 | 19.01 | 19.01 | 19.01 | 17.01 | 19.01 | 18.01 |
| 6  | 12.02 | 12.02 | 16.02 | 09.02 | 09.02 | 28.02 | 10.02 | 29.02 |
| 7  | 11.03 | 11.03 | 15.03 | 15.03 | 15.03 | 13.03 | 15.03 | 14.03 |
| 8  | 08.04 | 08.04 | 12.04 | 19.04 | 05.04 | 03.04 | 12.04 | 04.04 |
| 9  | 15.04 | 15.04 | 19.04 | 26.04 | 12.04 | 10.04 | 26.04 | 25.04 |
| 10 | 13.05 | 13.05 | 17.05 | 17.05 | 17.05 | 15.05 | 24.05 | 16.05 |

| №  | 6 «А» | 6 «Ә» | 6 «Б» | 6 «В» | 6 «Г» | 6 «Д» | 6 «Е» | 6 «Ж» |
|----|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 1  | 18.09 | 21.09 | 21.09 | 15.09 | 22.09 | 18.09 | 18.09 | 18.09 |
| 2  | 23.10 | 26.10 | 26.10 | 06.10 | 13.10 | 23.10 | 23.10 | 16.10 |
| 3  | 20.11 | 23.11 | 30.11 | 17.11 | 17.11 | 20.11 | 20.11 | 27.11 |
| 4  | 04.12 | 07.12 | 21.12 | 08.12 | 15.12 | 04.12 | 11.12 | 25.12 |
| 5  | 29.01 | 31.01 | 18.01 | 19.01 | 19.01 | 29.01 | 22.01 | 15.01 |
| 6  | 19.02 | 22.02 | 15.02 | 09.02 | 23.02 | 19.02 | 19.02 | 12.02 |
| 7  | 04.03 | 07.03 | 14.03 | 01.03 | 15.03 | 04.03 | 18.03 | 11.03 |
| 8  | 01.04 | 04.04 | 18.04 | 05.04 | 05.04 | 01.04 | 15.04 | 15.04 |
| 9  | 22.04 | 25.04 | 25.04 | 26.04 | 26.04 | 22.04 | 29.04 | 29.04 |
| 10 | 20.05 | 23.05 | 16.05 | 17.05 | 17.05 | 20.05 | 20.05 | 13.05 |

| №  | 7 «А» | 7 «Ә» | 7 «Б» | 7 «В» | 7 «Г» | 8 «А» | 8 «Ә» | 8 «Б» | 8 «В» | 8 «Г» | 8 «Д» | 8 «Е» |
|----|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|-------|
| 1  | 21.09 | 21.09 | 13.09 | 28.09 | 11.09 | 07.09 | 13.09 | 04.09 | 04.09 | 28.09 | 21.09 | 20.09 |
| 2  | 12.10 | 12.10 | 11.10 | 26.10 | 09.10 | 12.10 | 11.10 | 16.10 | 16.10 | 19.10 | 12.10 | 18.10 |
| 3  | 23.11 | 23.11 | 15.11 | 30.11 | 13.11 | 16.11 | 15.11 | 13.11 | 13.11 | 23.11 | 23.11 | 22.11 |
| 4  | 21.12 | 21.12 | 13.12 | 21.12 | 11.12 | 21.12 | 06.12 | 11.12 | 11.12 | 21.12 | 28.12 | 13.12 |
| 5  | 18.01 | 18.01 | 24.01 | 25.01 | 15.01 | 25.01 | 24.01 | 15.01 | 15.01 | 25.01 | 18.01 | 10.01 |
| 6  | 22.02 | 22.02 | 14.02 | 15.02 | 12.02 | 22.02 | 14.02 | 12.02 | 12.02 | 22.02 | 15.02 | 14.02 |
| 7  | 14.03 | 14.03 | 13.03 | 14.03 | 11.03 | 07.03 | 13.03 | 11.03 | 13.03 | 14.03 | 14.03 | 06.03 |
| 8  | 04.04 | 04.04 | 17.04 | 18.04 | 08.04 | 18.04 | 10.04 | 08.04 | 08.04 | 11.04 | 18.04 | 03.04 |
| 9  | 25.04 | 25.04 | 24.04 | 25.04 | 29.04 | 25.04 | 24.04 | 15.04 | 15.04 | 25.04 | 25.04 | 24.04 |
| 10 | 23.05 | 23.05 | 15.05 | 16.05 | 13.05 | 23.05 | 22.05 | 13.05 | 13.05 | 16.05 | 16.05 | 15.05 |